

«Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.01.2016
[№ 15](#) (қолданысқа енгізілу тәртібін [3-т.](#) қараңыз) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. «Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының кеңсесі;

2) ««Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 28 (жиырма сегіз) жұмыс күні.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) қажетті құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минуттан артық емес, Мемлекеттік корпорацияда – 15 (он бес) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан артық емес, Мемлекеттік корпорацияда – 20 (жиырма) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушының банктік шотына тиесілі субсидияларды одан әрі аудару үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне төлем шоттарының тізілімін ұсыну.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына [1](#) және [2-қосымшаға](#) сәйкес нысандар бойынша қағаз тасығышта көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының қолы қойылған, субсидия тағайындау/тағайындамау туралы шешіммен хабарлама жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат

13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 09.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;

2) Мемлекеттік корпорацияның – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбі – сенбі аралығында түскі үзіліссіз, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетілетін қызметті берушінің тіркелген орны бойынша «электрондық» кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге және Мемлекеттік корпорацияға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) сатып алынған бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарына субсидиялар алу үшін – жаздық дақылдар бойынша – тиісті жылғы 20 шілдеге дейінгі, күздік дақылдар бойынша – тиісті жылғы 10 қарашаға дейінгі мерзімде:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына [3-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алуға субсидиялар алуға арналған өтінімге мыналар қоса беріледі:

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алғанын растайтын шот-фактуралардың көшірмелері;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына [4-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алу көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімнің көшірмесі.

Химиялық әдіспен тазалау жүргізілген мақта тұқымын сатып алу кезінде субсидиялар алу үшін қосымша:

мақта тұқымын химиялық әдіспен өңдеуге арналған шарттардың көшірмелері;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына [5-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша мақта тұқымын химиялық әдіспен тазалау бойынша орындалған жұмыстар актісі ұсынылады;

2) сатып алынған бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарына тиесілі субсидияларды алу үшін (тұқым өсіру шаруашылығына субсидиялар алу құқығын беру жағдайына) – жаздық дақылдар бойынша – тиісті жылғы 20 шілдеге дейінгі, күздік дақылдар бойынша – тиісті жылғы 10 қарашаға дейінгі мерзімде:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына [6-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінім;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына [7-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша бірнеше өтінімдер берген кездегі өтінімдер тізілімі;

3) егіске пайдаланылған, өзі өсірген бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарына субсидиялар алу үшін – жаздық дақылдар бойынша – тиісті жылғы 20 шілдеге дейінгі, күздік дақылдар бойынша – тиісті жылғы 10 қарашаға дейінгі мерзімде:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына [8-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша егіске пайдаланылған, өзі өндірген бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарына субсидиялар алуға арналған өтінім;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына [9-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын нақты өндіру көлемдері жөніндегі тізілімнің көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына [10-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша себілген бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары туралы актінің көшірмесі;

4) арзандатылған құн бойынша өткізілген жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің

элиталық көшеттеріне субсидиялар алу үшін – тиісті жылғы 20 шілдеге дейінгі мерзімде: осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына [11-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерін ішінара арзандату үшін субсидия алуға арналған өтінімге мыналар қоса беріледі:

жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерінің өткізілгенін растайтын шот-фактуралардың көшірмелері;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына [12-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерін нақты өткізу көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімнің көшірмесі.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері, көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзы арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті беруші мен Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) Көрсетілетін қызметті алушыға - өтінімді көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған кезде көшірмесінде өтінімді қабылдау күні мен уақыты, өтінімді қабылдаған лауазымды адамның тегі және аты-жөні көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі қойылғаны қағаз жеткізгіштегі өтінімнің қабылданғанын растау болып табылады.

2) Мемлекеттік корпорацияға - көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру көрсетілетін қызметті алушының (не нотариалды расталған сенімхат бойынша оның өкілінің) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация нәтижесін бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінсе, Мемлекеттік корпорацияның сұратуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжатты көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері өтінімді қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына [13-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

3. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтертер көрсету мәселелері бойынша, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым тиісті көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша почта арқылы жазбаша нысанда, не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысының атына жіберіледі.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), почталық мекенжайы;
2) заңды тұлғаның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) Мемлекеттік корпорацияға, көрсетілетін қызметті берушіге шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефондары арқылы алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушыға оның шағымының қабылданғаны туралы растау үшін шағымды қабылдаған адам талон береді, онда нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның тегі, осы шағымға жауапты алу мерзімі және орны, шағымның қаралу барысы туралы ақпарат алуға болатын адамның байланыс деректері көрсетіледі.

Электронды өтінімді портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинеттен» өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, бұл ақпарат көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында (шағымның жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау туралы немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы [1-тармағының](#) б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Ағза функцияларының тұрақты бұзылулары бар, өзіне-өзі қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, құжаттарды қабылдауға бағдарлану қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылған көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсетуді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері 1414, 8-800-080-7777 Бірыңғай

байланыс орталығы арқылы жүгіне отырып, тұрғылықты жеріне барып жүзеге асырады.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыларға күту және қажетті құжаттарды дайындау уақытында жағдайлар жасалады (күтуге арналған креслолар, құжаттарды толтыруға арналған орындар қажетті құжаттар тізбесі мен оларды толтыру үлгілері бар стендтермен жаракталады).

Көрсетілетін қызметті берушінің және Мемлекеттік корпорацияның ғимараттары дене мүмкіндіктері шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандусы бар кіреберіспен жабдықталған.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

- 1) Министрліктің www.minagri.gov.kz интернет-ресурсында;
- 2) Мемлекеттік корпорацияның www.con.gov.kz интернет-ресурсында;
- 3) порталда орналастырылған.

16. Көрсетілетін қызметті алушыда электрондық цифрлық қолтаңбасы болу шартымен мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

17. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефоны арқылы алу мүмкіндігі бар.

«Тұқым шаруашылығын дамытуды
субсидиялау» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан

Хабарлама

Құрметті _____
(көрсетілетін қызметті алушы)

Сізге _____
(субсидияланатын бағыт)

бағыты бойынша субсидия тағайындау жөнінде шешім қабылданғаны туралы ескертеміз.

Сұрақтар туындаған жағдайда _____

(көрсетілетін қызметті беруші)
жүгінуді өтінеміз.

Орындаушы: _____
(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын (қолы)
куәландыратын құжатта бар болса))

Байланыс телефондары: _____

«Тұқым шаруашылығын дамытуды
субсидиялау» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

Хабарлама

Құрметті _____
(көрсетілетін қызметті алушы)

Сізге _____
(субсидияланатын бағыт)

бағыты бойынша субсидия тағайындамау жөнінде шешім қабылданғаны туралы ескертеміз.

Бас тарту себебі: _____

Сұрақтар туындаған жағдайда _____

_____ (көрсетілетін қызметті беруші)
жүгінуді өтінеміз.

Орындаушы: _____
(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын _____ (қолы)
куәландыратын құжатта бар болса))

Байланыс телефондары: _____

«Тұқым шаруашылығын дамытуды
субсидиялау» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

Нысан

_____ ауданының (облыстық
маңызы бар қаланың) ведомствоаралық комиссиясына

Бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алуға
субсидиялар алуға арналған
өтінім

_____ негізінде
(құрылтай құжаты)
әрекет ететін _____ атынан
(ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы)
басшысы (не сенімхат бойынша оның өкілі) _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар
болса), лауазымы)
егіс жұмыстарын жүргізуге _____ тонна мөлшерінде
пайдаланылған _____
(ауыл шаруашылығы дақылы, сорты (будан)
_____ бірінші көбейтілген

және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алуға субсидиялар төлеуді сұрайды.

№	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
1.	Заңды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе анықтама	тіркеу нөмірі тіркеу күні атауы орналасқан жері мемлекеттік тіркеу күні кім берді жеке басын куәландыратын құжат нөмірі	
2.	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат	ЖСН кім берді берілген күні	
3.	Жеке тұлға үшін – дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	орналасқан жері тіркеу күні кім берді актінің нөмірі	
3.	Жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат	кадастрлық нөмірі барлық алаң, гектар оның ішінде егістік жер нысаналы мақсаты сәйкестендіру құжатының нөмірі және берілген күні, кім берді	
4.	Ағымдағы шоттың бар-жоғы туралы ақпарат	жер учаскесінің меншік иесінің немесе жер пайдаланушының атауы ЖСК Кбе банктің не Ұлттық почта операторының деректемелері: банктің не Ұлттық почта операторының атауы: БСК К/С БСН Кбе	
5.	Сатып алынған бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының	нөмірі берілген күні тұқым сатушының атауы	

тұқымдарына бастапқы төлем
құжаттары, тұқымдарды тиіп
жөнелтуге арналған жүкқұжаттар

тұқым сатушының орналасқан жерінің
мекенжайы

тұқым сатушының ЖСК-сі
тауарлық-көліктік жүкқұжат
нөмірі

дақыл, сорт

өлшем бірлігі

саны (көлемі)

ҚҚС-мен бағасы (теңге)

барлық өткізу құны

нөмірі

берілген күні

кім берді

- Бірінші көбейтілген
6. тұқымдардың сорттық және егіс
сапасын растайтын құжаттар (тұқымға
арналған куәліктер)

Ескертпе:

* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының [Заңы](#) қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлға қызметін тоқтатқанға дейін қолданыста болады.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Басшы (не сенімхат бойынша оның өкілі): _____

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

Мөр орны (бар болса)

20__ жылғы «__» _____

Өтінім 20__ жылғы «__» _____ қарауға қабылданды.

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

Талон

Құжаттар толық көлемде 20__ жылғы «__» _____ қарауға қабылданды.

_____ (құжаттарды қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (қолы)
(жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

«Тұқым шаруашылығын дамытуды
субсидиялау» мемлекеттік

(облыстың, ауданның, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы) бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алу көлемдері жөніндегі жиынтық тізілім

Бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары сатып алынған тұқым өсіру шаруашылығының атауы	Дақыл Сорт,будан		Сатып алу-сату шартының күні, №	Сатып алынған бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандары тұқымдарының көлемі, тонна	Төлем құжаттары бойынша төлем сомасы, теңге	Бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандары тұқымдарының 1 тоннасының бағасы, теңге
1	2	3	4	5	6	7
Жиыны						

Басшы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

Мөр орны (бар болса)

20__жылғы «__» _____

«Тұқым шаруашылығын дамытуды
субсидиялау» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
5-қосымша

Мақта тұқымын химиялық әдіспен тазалау бойынша орындалған жұмыстар актісі

_____ 20__ жылғы «__» _____ № ____
(актіге қол қойылған орын)
Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын _____ атынан
(сатушының атауы)
_____ негізінде әрекет ететін _____
(құжаттың атауы) (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)
(жеке басын куәландыратын құжатта бар болса)
бір тараптан және бұдан әрі «Қызмет көрсетуші» деп аталатын _____
(ұйымның атауы)
атынан _____ негізінде әрекет ететін _____

(құжаттың атауы) (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты
(жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))
екінші тараптан төмендегілер туралы осы актіні жасады.

«Қызмет көрсетуші» «Тапсырыс берушімен» жасалған 20 ____ жылғы _____
№ _____ шартқа сәйкес мынадай сипаттағы қызметтерді көрсетті:

Қызметтің толық атауы	Сорт	Көбейтілген тұқым	Тазаланған тұқымның саны, тонна	1 тонна тұқымды тазалау құны, теңге	Сомасы теңге
Мақта тұқымын химиялық әдіспен тазалау Жиыны					

Көрсетілген қызметтердің қосымша сипаттамасы _____
Көрсетілген қызметтерге наразылық жоқ.
(наразылық болған жағдайда көрсетілсін) _____

«Тапсырыс беруші» үшін

«Қызмет көрсетуші» үшін

_____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

Мөр орны

Мөр орны

«Тұқым шаруашылығын дамытуды
субсидиялау» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
б-қосымша

Нысан

_____ ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) ведомствоаралық комиссиясына

Көшірмесі: _____
(облысы, ауданы атауы)
тұқым өсіру шаруашылығына

Тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінім

Мен, _____,

(облыстың, ауданның, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы)
бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алуға арналған субсидияны өзімнің банктік шотыма (немесе Ұлттық почта операторына) алудан бас тартатынымды мәлімдеймін және маған тиесілі субсидияны _____

(облыстың, ауданның, тұқым өсіру шаруашылығының атауы)
тұқым өсіру шаруашылығына төлеуді сұраймын.

Сатып алынған тұқым туралы ақпарат

№	Дақылдың, сорттың, буданның атауы	1 тоннасының нарықтық бағасы, теңге	Саны, тонна	Нарықтық бағасы бойынша сомасы, теңге	Төленгені, теңге
1	2	3	4	5	6

Мен ағымдағы жылы бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алуға арналған субсидияны тек бір рет алуға құқығым бар екенінен хабардармын, олай болмаған жағдайда маған төленген субсидия кері қайтарылуға тиіс.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын
куәландыратын құжатта бар болса))

Мөр орны (бар болса)
20__жылғы «__» _____

Талон

Құжаттар толық көлемде 20_ жылғы «__» _____ карауға қабылданды.

(құжаттарды қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (қолы)
(жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

«Тұқым шаруашылығын дамытуды
субсидиялау» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
7-қосымша

Нысан

ауданының (облыстық
маңызы бар қаланың) ведомствоаралық комиссиясына

(тұқым өсіру шаруашылығының атауы және заңды мекенжайы)
тұқым өсіруші шаруашылығы арқылы берілген ауыл шаруашылығы
тауарын өндірушілер өтінімдерінің тізілімі

R/c №	Тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінім берген ауыл	Дақыл	Сорт, будан	Сатып алынған бірінші көбейтілген және бірінші	1 тоннасының нарықтық бағасы, теңге	Сомасы, теңге	Төлем құжаттары бойынша төлем сомасы,
----------	---	-------	----------------	--	--	------------------	---

	шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы, заңды мекенжайы			ұрпақ будандары тұқымдарының саны, тонна			теңге
1	2	3	4	5	6	7	8

Басшы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын
куәландыратын құжатта бар болса))

Мөр орны (бар болса)
20__жылғы «__» _____

Талон

Құжаттар толық көлемде 20_ жылғы «___» _____ қарауға қабылданды.

(құжаттарды қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (қолы)
(жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

«Тұқым шаруашылығын дамытуды
субсидиялау» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
8-қосымша

Нысан

_____ ауданының (облыстық
маңызы бар қаланың) ведомствоаралық комиссиясына

Егіске пайдаланылған, өзі өндірген бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының
тұқымдарына субсидиялар алуға арналған өтінім

_____ негізінде

(құрылтай құжаты)

әрекет ететін _____ атынан

(тұқым өсіру шаруашылығының атауы)

басшысы (не сенімхат бойынша оның өкілі) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), лауазымы)
егіс жұмыстарын жүргізуге _____ тонна мөлшерінде пайдаланылған,
өзі өндірген _____

(ауыл шаруашылығы дақылы, сорты (будан))

_____ бірінші көбейтілген және бірінші
ұрпақ будандарының тұқымдарына субсидиялар төлеуді сұрайды.

№

Деректер көзі

Қажетті мәлімет

Деректер

1	2	3	4
1.	Заңды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе анықтама	тіркеу нөмірі тіркеу күні атауы орналасқан жері мемлекеттік тіркеу күні кім берді	
2.	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат	жеке басын куәландыратын құжат нөмірі ЖСН кім берді берілген күні	
3.	Жеке тұлға үшін – дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	орналасқан жері тіркеу күні кім берді актінің нөмірі кадастрлық нөмірі барлық алаң, гектар оның ішінде егістік жер	
3.	Жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат	нысаналы мақсаты сәйкестендіру құжатының нөмірі және берілген күні, кім берді жер учаскесінің меншік иесінің немесе жер пайдаланушының атауы ЖСК	
4.	Ағымдағы шоттың бар-жоғы туралы ақпарат	Кбе банктің не Ұлттық почта операторының деректемелері: банктің не Ұлттық почта операторының атауы: БСК К/С БСН Кбе	
5.	Бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының егістерін байқаудан өткізу актілері	нөмірі жасалған күні кім берді	

Ескертпе:

* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлға қызметін тоқтатқанға дейін қолданыста болады.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Басшы (не сенімхат бойынша оның өкілі):

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

Мөр орны (бар болса)

20__жылғы «__» _____

Өтінім 20__ жылғы «__» _____ карауға қабылданды.

(қолы) (өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

Талон

Құжаттар толық көлемде 20__ жылғы «__» _____ карауға қабылданды.

(құжаттарды қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (қолы) (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

«Тұқым шаруашылығын дамытуды
субсидиялау» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
9-қосымша

Нысан

(облыстың, ауданның, тұқым өсіру шаруашылығының атауы)
бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын нақты өндіру
көлемдері жөніндегі тізілім

Дақыл	Сорт, будан	Көбейтілген тұқым	Бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын кіріске алу күні және актінің №	Бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандары тұқымдарының кіріске алынған көлемі, тонна
1	2	3	4	5

Жиыны

Басшы: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын
қуәландыратын құжатта бар болса))

Мөр орны (бар болса)

20__жылғы «__» _____

«Тұқым шаруашылығын дамытуды
субсидиялау» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
10-қосымша

Нысан

Себілген бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары туралы
20__ жылғы «__» _____ № _____ акт

Біз, төменде қол қойғандар, _____

(облыс, аудан, шаруашылық атауы)

тұқым өсіру шаруашылығының басшысы _____,

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын
қуәландыратын құжатта бар болса))

тұқым өсіру шаруашылығының мамандары _____,

_____ (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты

(жеке басын қуәландыратын құжатта бар болса))

20__ жылы өндірілген _____

_____ бірінші көбейтілген және бірінші
(ауыл шаруашылығы дақылының түрі, сорты (буданы))

ұрпақ будандарының тұқымдары _____

(тұқым өсіру шаруашылығының атауы)

_____ № _____ танапта _____ гектар

(ауыл шаруашылығы дақылының түрі)

_____ № _____ танапта _____ гектар

(ауыл шаруашылығы дақылының түрі)

_____ № _____ танапта _____ гектар

(ауыл шаруашылығы дақылының түрі)

алқапта егу үшін пайдаланылғаны туралы осы актіні жасадық.

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын
қуәландыратын құжатта бар болса))

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын
қуәландыратын құжатта бар болса))

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын

куәландыратын құжатта бар болса))

Мөр орны (бар болса)

20__жылғы «__» _____

«Тұқым шаруашылығын дамытуды
субсидиялау» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
11-қосымша

Нысан

_____ ауданының (облыстық маңызы бар
қаланың) ведомствоаралық комиссиясына

Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерін ішінара арзандату үшін
субсидия алуға арналған өтінім

_____ негізінде
(құрылтай құжаты)
әрекет ететін _____ атынан
(элиталық тұқым шаруашылығының атауы)
басшысы (не сенімхат бойынша оның өкілі) _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар
болса), лауазымы) _____ дана мөлшерінде _____

_____ (ауыл шаруашылығы дақылы, сорты)
жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерін өсіруге
субсидиялар төлеуді сұрайды.

№	Деректер көзі	Қажетті мәлімет	Деректер
1	2	3	4
1.	Занды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе анықтама	тіркеу нөмірі тіркеу күні атауы орналасқан жері мемлекеттік тіркеу күні кім берді	
2.	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат	жеке басын куәландыратын құжат нөмірі ЖСН кім берді берілген күні	
	Жеке тұлға үшін – дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	орналасқан жері тіркеу күні кім берді	

- | | | |
|----|--|---|
| 3. | Жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат | актінің нөмірі
кадастрлық нөмірі
барлық алаң, гектар
оның ішінде егістік жер
нысаналы мақсаты
сәйкестендіру құжатының нөмірі және берілген күні, кім берді
жер учаскесінің меншік иесінің немесе жер пайдаланушының атауы
ЖСК
Кбе |
| 4. | Ағымдағы шоттың бар-жоғы туралы ақпарат | банктің не Ұлттық почта операторының деректемелері:
банктің не Ұлттық почта операторының атауы:
БСК
К/С
БСН
Кбе
нөмірі
берілген күні
көшеттерді сатып |
| 5. | Өткізілген элиталық көшеттерге бастапқы төлем құжаттары, көшеттерді тиіп жөнелтуге арналған жүкқұжаттар | алушының атауы
көшеттерді сатып алушының орналасқан мекенжайы
көшеттерді сатып алушының ЖСН-ы
тауарлық-көліктік жүкқұжат нөмірі
дақыл, сорт
саны (көлемі)
ҚҚС-мен бағасы (теңге) |
| 6. | Элиталық көшеттерді өндіру үшін бастапқы материалдың шығу тегін растайтын құжаттар (көшеттерді өз шаруашылығында өндірген жағдайда – байқаудан | барлық өткізу құны
нөмірі
күні
кім берді
нөмірі
күні
кім берді |

өткізу актілері және
байқаудан өткізу туралы
есеп, көбейту және
суперэлита
питомниктерінің
көшеттерін сатып алған
жағдайда – тұқым
аттестаты)

Ескертпе:

* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының [Заңы](#) қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлға қызметін тоқтатқанға дейін қолданыста болады.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Басшы (не сенімхат бойынша оның өкілі):

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

Мөр орны (бар болса)

20__ жылғы «__» _____

Өтінім 20__ жылғы «__» _____ қарауға қабылданды.

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

Талон

Құжаттар толық көлемде 20__ жылғы «____» _____ қарауға қабылданды.

(құжаттарды қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (қолы)
(жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

«Тұқым шаруашылығын дамытуды
субсидиялау» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
12-қосымша

Нысан

(облыстың, ауданның, элиталық тұқым өсіру шаруашылығының атауы)

жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерін нақты өткізу
көлемдері жөніндегі жиынтық тізілім

Элиталық көшеттер өткізілген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	Орналасқан жері (заңды мекен жайы)	Дақыл	Сорт	Сатып алу-сату шартының күні, №	Өткізілген элиталық көшеттер саны, дана	Төлем құжаттары бойынша төлем сомасы, теңге	1 дана элиталық көшеттің бағасы, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8

Жиыны

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

Мөр орны (бар болса)

20__жылғы «__» _____

«Тұқым шаруашылығын дамытуды
субсидиялау» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
13-қосымша

Нысан

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы
қолхат

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы [20-бабының](#) 2-тармағын басшылыққа ала отырып, ««Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация)» №_____ бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

ұсынылмауына байланысты «Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау» мемлекеттік қызметті көрсетуге құжаттар қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат 2 данада, әр тарап үшін бір-бірден жасалды.

Мемлекеттік корпорацияның
қызметкері _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар

болса))

Телефон _____

Алдым _____

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын
куәландыратын құжатта бар болса))

20__ жылғы «__» _____